

«Дина Нұрпейісова атындағы Академиялық қазақ халық аспаптар оркестрі» КМҚК-де мемлекеттік сатып алулар және іс-шараларды мақсатты жоспарлауында сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу бойынша талдамалық анықтама

Атырау қаласы

2025 жылғы 19 наурыз

«Дина Нұрпейісова атындағы Академиялық қазақ халық аспаптар оркестрі» КМҚК-ның (әрі қарай- Кәсіпорын) басшысының 2025 жылғы 11 наурыздағы № 21 Н/Қ бұйрығы негізінде, 2025 жылдың 11-21 наурыз аралығында Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау объектісі Кәсіпорынның шығармашылық құрамның атқарған жұмыстарына ішкі талдау жүргізілді.

Талдау мынадай бағыттар бойынша жүзеге асырылды:

1. Қазақстан халықтарының мәдени деңгейін арттыруға ықпал ететіндей, көркемдік дәрежесі жоғары шығармалар негізінде концерттер, фольклорлық, халық ансамбльдерін қойылымдарын ұйымдастыру;
2. Республика, облыс, жақын және алыс шетелдер көлемінде гастрольдер өткізу;
3. Кәсіпорындарда, оқу орындарында, ұйымдарда көшпелі концерттер өткізу және түрлі тақырыптарда конкурстар, шығармашылық кештер, фестивальдар өткізу, сондай-ақ басқа да фестивальдерге, сайыстарға, кештерге қатысу туралы сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу;
4. Қорытынды.

Ішкі талдау 2025 жылдың 01 қаңтар – 2025 жылдың 21 наурыз айлары аралығындағы жүргізілді.

I. Кәсіпорын 2025 жылға арналған қаржыны керек қылатын іс – шаралар және гастрольдік іс – сапар жоспары 2024 жылы басшымен бекітілді.

Соның ішінде іс – шара саны 10, жоспарланған сома 85 248 100 теңге, гастрольдік іс-сапар жоспары бойынша 5, жоспарланған сома 85 701 900 теңге, ресми іс-шаралар саны 3, жоспарланған сома 26 000 000 теңге. Барлығы 196 950 000 теңгені құрайды.

06.02.2025ж. Құрманғазы ауданында Дина Нұрпейісова атындағы Академиялық қазақ халық аспаптар оркестрі жанындағы “Сармад” этно-фольклорлық ансамблінің “Алаш аманаты” концертін өткізді. Көрермендер саны 200 адам.

14.02.2025ж. Махамбет ауданында Дина Нұрпейісова атындағы Академиялық қазақ халық аспаптар оркестрінің жаңа бағдарламамен үздік кинофильмдерден “SOUNDTRACK” концертін өткізді. Көрермендер саны 225 адам.

26.02.2025ж. Атырау қаласында «Бабадан аманат» атты ән-күй кеші өтті. Көрермендер саны 375 адам.

05.03.2025ж. Атырау қаласында Дина Нұрпейісова атындағы Академиялық қазақ халық аспаптар оркестрінің ұйымдастыруымен өткізілетін “Дирижерлер шеруі” концерті өтті. Көрермендер саны 300 адам.

18.03.2025ж. Дина Нұрпейісова атындағы Академиялық қазақ халық аспаптар оркестрі жанындағы “Сармад” этно-фольклорлық ансамблі мен оркестрі Исатай-Махамбет алаңында концерт берді.

II. 11-17 наурыз аралығында “Сармад” этно-фольклорлық ансамблі Германия елінде Берлина қаласында 600 көрермендерге 2 концерт қойды.

III. Кәсіпорындарда, оқу орындарында, ұйымдарда көшпелі концерттер өткізу және түрлі тақырыптарда конкурстар, шығармашылық кештер, фестивальдар өткізу, сондай-ақ басқа да фестивальдерге, сайыстарға, кештерге қатысу бойынша ешқандай іс-шаралар, жұмыстар жүргізілген жоқ.

IV. Қорытынды:

Қорытындылай келе, Кәсіпорын қызметкерлерінің тарапынан жоспарланған іс-шаралар бойынша уақытылы өтілуде, заңды мүдделерін іске асыруды қиындататын қандай болса да заңсыз іс-әрекеттер (әрекетсіздіктер) анықталған жоқ.

Ішкі талдау жүргізілген кезеңде сыбайлас жемқорлық тәуекелдер анықталған жоқ.

№ р/н	А.Ә.Т	Лауазымы
1	Исмагулов Жеңіс Жұжамажанұлы	Басшы орынбасары <i>Исмагулов</i>
2	Мендигалиева Алтын Нурлановна	Комплаенс – офицер <i>Мендигалиева</i>
3.	Құмарова Анар	Заңгер <i>Құмарова</i>